

Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 93 қаулысы

Ауғанстан Ислам Республикасындағы жағымсыз табиғи құбылыстар нәтижесіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ауғанстан Ислам Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен 1 266,7 тонна (бір мың екі жүз алпыс алты тонна жеті жүз килограмм) көлеміндегі 2 сұрыпты бидай ұнын, 1000 тонна (бір мың тонна) көлеміндегі құмшекерді, 189,892 тонна (жүз сексен тоғыз тонна сегіз жүз тоқсан екі килограмм) көлеміндегі сары майды
б р о н ь н а н ш ы ғ а р с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі ізгілік жүкті Ауғанстан Ислам Республикасының межелі пунктіне дейін тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Қаржы, Көлік және коммуникация министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны айқындасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз
е т с і н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С. Ахметов*